

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Совет Одағы Коммунистік партиясының ісі үшін күреске дайын бол!



Газет 1930 жыл-
дың 14 марты-
нан шыға бас-
тады.

Қазақстан ПИОНЕРІ

№ 7

(7229)

22 ЯНВАРЬ

ЖЕКСЕНБІ

1989 жыл

Газет бейсенбі,
жексенбі күндері
шығады.

Бағасы 1 тиын.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің органы

[Соңы. Басы өткен сандарда.]

Директордың бөлмесіне кірген бойда Төлеген Таукенович елпілдеп қарсы алған.

— Хал жақсы ма, Бану? Иә, қашан келдіңдер? Спартакиадаларың қалай өтті? Шет жағасын естідім. Аудан бойынша екінші орын, жаман емес.

— Төлеген Таукенович, барлық жаңалық мынада. Мінекейіңіз оқып көріңіз. Жамал әжейдің ұлы табылды.

— Не дейсің, қарағым? Омарбектің Әлиі тірі екен-ау...

Көк конверттің ішіндегі қос парақты аса еппен ұстаған ол хатты дауыстап, әрі баппен оқиды.

«АЛЫСТАҒЫ ҚҰРМЕТТІ ДОС, ДАНА САНСЫЗБАЕВА!»

Сенің Смоленск қаласының пионерлеріне арнайы жазған хатыңмен таныстық. Ең қуаныштысы өзің іздестірген жауынгер жерлесің туралы шағын да қызықты дерек біздің Гнездово селосынан табылып отыр. Бірақ көкейімізге күмән болып тіреле беретін — солдаттың аты-жөніндегі жалғыз әріп. Бар жайды қысқаша баяндасақ былай еді. Бұдан бірер жыл бұрын мектебіміздің қызылшілері қанқұйлы соғыс болған Днепр өзенінің бойындағы тарихи орындарға жорық ұйымдастырған-ды. Сол жолы қызылшілер отты жылдар белгісі саналар біраз заттар тапқан болатын. Олжалардың арасында солдат каскасы, су құятын қалайы сауыт, тот басып қалған үлкенді-кішілі ондаған гильзалар бар. Жез гильзаларды тазалаған кезде оқ-сауыттың бірінің ішінен ұқыптап оралып, тығындалған хат шығады. Ондағы төрт-бес ауыз сөз бен солдаттың аты-жөнін анық оқуға болады. Өкініштісі, солдаттың адресі, хатты жазған күнін айыру қиын.

Ал хатта былай деп жазылған: «Сүйікті Отаным үшін, сүйікті туған жерім үшін, қасықтай қаным қалғанша соғысамын Смоленск — менің де туған жерім. Біз жеңеміз!»

Қазақстандық жауынгер Вали Умарбеков»

Бораған оқтың, лаулаған өртің дамылды бір сәтінде жазылған осынау хат бүгінде мектебіміздегі «Даңқ» музейінің ең қастерлі экспонаты ретінде сақтаулы. Селомыздың шетінде біздің болашағымыз жолында жанын пиде еткен жауынгерлерге арналған үлкен ескерткіш бар. Белгісіз солдат бейіті басында мәңгілік алау жануда. Ал қызыл гранит тақтаға қаһармандардың аты-жөндері өшпестей, бедерлеп жазылған. Қызылшілер тапқан деректің арқа-

сында сол ерлер тізіміне Вали Умарбеков есімін де қостық. Айтпақшы, Валидың фотосын тауып, тездетіп салып жіберулеріңізді сұраймыз.

Егер, осы дерегіміз нақты анықталатын болса, Жамал әжейді Смоленск жерінде құшақ жая қарсы алуға әзірміз. Жауынгердің анасын құрметпен қонаққа шақырамыз...

Гнездово селосының қызылшілері атынан Даша Яковлева. Ваня Дуткин, Оксана Алексеева, Сережа Соколов.

Гнездово селосы».

Жаннат Елшібеков

ЖАНА ЖЫЛ БЕЛГІСІЗ ЖАУЫНГЕР ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛШІЛЕР

ПОВЕСТЕН ҮЗІНДІ

Хатты оқып біткен директор конверттің сыртындағы почтаның белгі-таңбасына үңілді.

— Иә, тура Смоленск облысынан. Мынадай ой бар. Екінші сменаның алдында шұғыл салтанатты линейка өткізелік. Әзірше хат менде болсын. Линейкаға өзім алып барамын. Жарай ма? Одан кейінгісін ақылдаса ойласармыз.

— Келістік. Мұныңыз да ақыл екен.

...Табанда ұйымдастырылған линейка оқушылардың да, мұғалімдердің де қуанышын табытты.

Бірінші сөз алған Төлеген Таукенович мектеп спортшыларының аудандық спартакиада жарысында екінші орын иеленгенін айтып, жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтады.

Ал, Бану таныстырған Смоленскілік қызылшілердің хаты үлкен-кішіні бірдей толқитты.

Салтанатты саптың алдына шақырылған Данагүл Сансызбаеваға мектеп дирекциясы атынан алғыс жарияланды.

Дананың көптен бергі ойы мен идеясы жүзеге асқан. Жамал әжейге арналған куәлікті бүкіл класс болып дайындады. Алақандай жол қағазындағы сөздің әрі қысқа, әрі нұсқа болуы тиіс.

Ерекше куәліктің атын да балалардың өздері тапты. «Жол сілтеуші — «Қызыл қалампыр», Қандай әдемі, қандай дәл! Қос тал қызыл қалампыр көзге оттай басылады-ау! Кластағы отыз оқушының отызы да шетінен қолдарына ұстап көріп, тамашалаған. Бірінен соң бірі қайталап әлденеше оқыған: Қымбатты жолдас!

Қадірлі дос!

Біздің Жамал әжемізге қамқор болып, көмек көрсетуіңізді өтінеміз. Ол кісі ұзақ сапарға бара жатыр. Смоленск қаласының түбіндегі Гнездово селосында жерленген ұлының қабірін көріп қайтпақ.

«Ынтымақ» ауылының пионерлері, Қазақстан.

...

...Тақ-тұқ, тарс-тұрс...

Тақ-тұқ.. тарс-тұрс...

Доңғалақтар тынымсыз зы-



рылдайды. Домбыраның қос ішегіңдей тартылған болат жол таусылсайшы. Жамал әжей «мұндай да шет-шегі жоқ орман-тоғай болады екен-ау» деген, өзіне-өзі. Күбірлеген күйі әйнекке қайта үңілді.

«...Жарықтық Күн де батыпты. Бағана біткен басындағы шамдар да жаныпты. Шүпірлеуін-ай! Сонымен, шойын жолдың үстінде үшінші төулік түнейтін болдық. Осы, кешегі Оралдан түскен бала айтпады ма? «Бірі сағаттан кейін Саратовқа жетесіз, одан әрі түк емес, Мәскеу тиіп тұр»... Әлиімнің арқасында Мәскеуді де көретін болдым. Бұған да тәубе...»

...Көзі ілініп-ақ кетіпті. Жолсерік қыз иығынан сипалап оятқан.

— Әже, Мәскеуге де келдік.

— Ойпырым-ай! Шынымен, қарғам, қара басып пойызыңның тербеткеніне ұйықтап қаппын. Ояу-ақ жатқам. Үш күн, үш түн жүріп зорға келгенде, Мәскеуден өтіп кеткенімде ұят болатын еді. Айтпақшы, қызым, келесі келгенінде мені ұмытпай алып қайт, жарай ма, қарғам!

— О жағына қам жемеңіз. Несіне асығасыз? Өне, сізді күтіп тұр. Күндіз телеграмма беріп, алдын-ала хабарлап қойған.

...Кішкентайлардың демеуімен сыртқа шыққан ол омырау түймелерін ағытқан күйі салқын самалға кеудесін тосқан.

— Мінеки, әже, автобус та келді. Енді жарты сағатта жетіп барамыз. Сәл шыдаңыз. — Бағана өзін Оксанамен деп та-

ныстырған сұңғақ бойлы қыз қолтығынан демеп, автобусқа отырғызды. Ал бір татар қыз олардың сөздерін аударып бұған «шүлдірлеп» түсіндіруде. Жамал әжей татаршаны бір адамдай-ақ түсінетін.

— Жарты сағат деймісің. Ақсана! Елпілдеген өзің тура Дана сияқты екенсің.

Жол апшысын қуырған автобус қаладан шығысымен мың бұралған өзенді өрледі...

Жамал әжейдің сөзіне құлақ түрген балалар автобус жылдамдығын баяулатып, өзеннің жарлау қабағына ыңырана көтеріле бергенде алға жарыса, ұмтыла қарсаң: — Сонымен, Жамал әже, селомызға да жеттік. Гнездово осы. Өне-е, сізді күтіп тұр, байқап түсіңіз. Анау бері жылжыған балдақты — директорымыз Алексей Алексеевич.

Автобус тоқтар-тоқтамастан есікті ашқан балдақты кісі көңілді «гүж» ете түскен.

— Қалай, балалар? Әжелеріңді уақытысында қарсы алдыңдар ма? Үлгердіңдер ме, әйтеуір? Қане, алыстан со-нау-у Қазақстаннан келген қонаққа сәлем берейік...

— Алексей Алексеевич жалғыз аяғына сүйенген бойы Жамал әжеге құшағын жайды. Көз жасына ие бола алмаған Жамал әжей қарт майдангердің иығына сүйеніп ұзақ тұрды. Дана мен Сандуғаштың шегелеп тапсырған ескертпесі артына тез ес жиырылған. «Жырақ жерде, бөтен адамдардың ортасында көп егіліп, жылай бермеңіз. Өзіңізге де, өзгелерге де қиын болады...»

Жамал әжейді Алексей Алексеевич биік төбедегі Отан-Ана ескерткіші жанына ертіп барды. Әңгіме тізгінін де өзі алған:

— Иә, бұл жер ең қастерлі орындарымыздың бірі. Мына Отан-Ана ескерткішінің етегінде гүл көмкерген жота — Бауырлас тар зираты. Бұл жерде Отаны үшін, сүйікті елі үшін жанын қиған ондаған жауынгер жатыр. Олардың аты-жөндері мәңгі өшпестей етіп тасқа қашалған.

Жүрелеп отыра қалған Жамал әжей сөздің соңын күтпестен темір шарбақтың арасынан қос қолын бірдей сұғып жіберіп, бір ұыс топырақты алақанына салды. Іле алақанындағы топырақты сүйіп, өзіне-өзі күбірлеген.

— Қарғам, Әлиім! Топырағыңды да көрдім-ау! Арманым жоқ, қарғам! Әкең де көз жұмған. Мына бір ұыс топырақты соның басына алып барам. Алаңдамай жата бер, ел-жұртың риза! Бәрі шетінен сәлем айтты. Әйтеуір, жалғыз емес екенсің. Жаныңда бауырларың бар көрінеді. Құшақтарың айырылмасын!...